



Ақмола облысы әкімдігінің
2018 жылғы 30 қарашадағы
№ А-11/519 қаулысымен
бекітілді

**Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы
«№2 көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының**

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№2 көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

1.2. Кәсіпорын Ақмола облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес құрылған.

1.3. Ақмола облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

1.4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік меншік құқығын Ақмола облысының әкімдігі жүзеге асырады (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган).

1.5. Кәсіпорын басқаруын жүзеге асыратын орган «Ақмола облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

1.6. Кәсіпорынының атауы: Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жанындағы «№2 көпбейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

1.7. Кәсіпорынның заңды мекенжайы: индексі 021800, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, 3-мөлтек ауданы, 1 А құрылысы.

1.8. Кәсіпорынның нақты мекен-жайы (өндірістік базасы): индексі 010000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Астана қаласы, Манас көшесі, 22.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

2.1. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

2.2. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар мемлекеттік және орыс тілдерінде бланктері, мөрі және басқа реквизиттері бар.

2.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2.4. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе басқа да тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылмаған болса, тіркелген сәтінен бастап тіркелді деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

3.1. Кәсіпорынның мақсаты денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

3.2. Мақсатқа жету үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

3.2.1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде және (немесе) кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемі аясында медициналық көмек көрсету

3.2.2. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек, оның ішінде кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемін қоса;

3.2.3. Алдын –алу шараларын жүргізуді, емдік диагностикалық кеңестік медициналық көмек, бала және ересек тұрғындарға стационар ауыстырмалы технологияларда медициналық кеңестік көмек көрсету: күндізгі стационар және үйдегі стационар, тәуліктік стационар оның ішінде кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінде медициналық көмек;

3.2.4. Диагностика: зертханалық (жалпы клиникалық, бактериологиялық, биохимиялық, цитологиялық, иммунологиялық, серологиялық зерделеу) рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық диагностика, патологиялық анатомия, эндоскопиялық;

3.2.5. Ересек тұрғындарға кеңестік –диагностикалық медициналық көмек– мамандық бойынша: акушерлік и гинекология, дермотовенерология, жұқпалы аурулар, наркология, невропатология, онкология, оториноларингология, офтальмология, психиатрия, стоматология (терапиялық), стоматология (хирургиялық), жалпы терапия, кардиология, физиотерапия, фтизиатрия, хирургия общая, эндокринология;

3.2.6. Бала тұрғындарға кеңестік –диагностикалық медициналық көмек– мамандық бойынша: офтальмология, оториноларингология, педиатрия, эндокринология; фтизиатрия

3.2.7. Сараптамалық медициналық көмек: кәсіптік жарамдылық профилактикалық және кезеңдік медициналық тексеру), наркологиялық, психиатриялық, сараптама;

3.2.8. Уақытша еңбекке жарамсыздық;

3.2.9. Ересек тұрғындарға стационарлық медициналық көмек көрсету – мамандықтар бойынша: акушерлік және гинекология, анестезиология и реанимация, невропатология, массаж, оториноларингология, емдік денешынықтыру, жалпы терапия, кардиология, травматология, физиотерапия, жалпы хирургия, эндокринология, трансфузиология;

3.2.10. Бала тұрғындарға стационарлық медициналық көмек көрсету – мамандықтар бойынша: педиатрия, анестезиология и реаниматология, массаж, неонтология, емдік дене шынықтыру, травматология, физиотерапия, жалпы хирургия;

3.2.11. Бала тұрғындарға стационар ауыстырмалы көмек көрсету-мамандықтар бойынша: педиатрия;

3.2.12. Ересек тұрғындарға стационар ауыстырмалы көмек көрсету-мамандықтар бойынша: отоларингология, офтальмология, невропатология, акушерлік және гинекология, жалпы терапия, жалпы хирургия

3.2.13. Санитарлы гигиеналық және қарсы эпидемиологиялық медициналық қызмет: тұрғындарды гигиенаға оқыту;

3.2.14. Кәсіпорын қызметіне тән кез келген аурудың барлығына, зардап шеккендерге, оқиғалардың барлық түріне (тұратын мекенжайына және тіркеу орнына қарамастан) кідіруге болмайтын көмек көрсету ;

3.2.15. Фармацевтикалық қызмет

3.2.16. Есірткі, психотроптық заттектер мен прекурсорларды сатып алу, сақтау, пайдалану және жою, құрамында психотроптық заттектер мен прекурсорлар бар дәрі-дәрмектердің айналымы;

3.2.17. Дәрі-дәрмекті бөлшек саудада сату үшін дәріхана ашу;

3.2.18. Амбулаториялық жағдайдағы емдеудің, сондай-ақ үйдегі емдің алдын алуда, диагностикалық емдеу және сауықтыру шараларын өткізудің сапасын көтеру;

3.2.19. Басқа да емдеу-алдын алу мекемелермен сабақтастықты және өзара іс-қимылдың түрлері мен әдістерін жетілдіру;

3.2.20. Ауруларға медициналық күтім көрсетудің сапасы мен сервистік қызметтің ұтымдылығын көтеру

3.2.21. Төтенше жағдайлар мен жазатайым оқиғаларда жұмысқа дайындықты қамтамасыз ету.

3.2.22. Медицина ғылымының жетістіктерін денсаулық сақтау іс-тәжірибесіне уақытында енгізу.

3.2.23. Ұжымның әлеуметтік дамуы, қызметшілер құрамының еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту.

3.2.24. Шаруашылық әрекеті мен медициналық көмек көрсетуді басқаруды оңтайландыру.

3.2.25. Медицина қызметкерлерінің еңбекақысын нормалаудың есебін қамтамасыз ету, еңбекті ұйымдастыру мен оған төлемнің озық формаларын енгізу.

3.2.26. Материалдық – техникалық базасын нығайту және дамыту.

3.2.27. Мекеменің құрал-жабдықтары мен оларды пайдаланудың санитарлық Ережелері мен нормаларын, санитарлық-гигиеналық және індетке қарсы күрес тәртібі бойынша нормативтік құжаттар талаптарын қамтамасыз ету.

3.2.28. Медициналық құралдардың, инженерлік-техникалық коммуникациялар мен құрылғылардың үздіксіз және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

3.2.29. Қажет медицина мен шаруашылық құралдары және материалдарымен жабдықтауды қамтамасыз ету.

3.2.30. Бекітілген медициналық құжаттамаларды жүргізу, толық ақпарат және статистикалық есеп беруді ұсыну.

3.2.31. Қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларын сақтауды қамтамасыз ету.

3.2.32. Шарушылық қызметінде және медициналық қызмет сапасын бақылауды басқару жүйесін тиімді ету;

3.2.33. Кәсіпорын пациенттерге сапалы медициналық көмек көрсетуге кепіл береді, диагностикаға жолдау, аруды емдеу және алдын алу, сонымен қатар жалпы науқастануды төмендету;

3.2.34. Егер қандай да болмасын қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия керек болса, ондай жұмыс түрін Кәсіпорын тек лицензия алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

3.2.35. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демеушілік көмек көрсету және қабылдау;

3.2.36. Кәсіпорын уәкілетті органмен келісілген, ақылы қызмет баға көрсеткішіне сәйкес, заңды және жеке тұлғаларға шартты негізде ақылы медициналық, фармацевтикалық және медициналық емес және Қазақстан Республикасының заңнамасында тиым салынбаған басқа қызметтер көрсету;

3.2.37. Кәсіпорын келісім шарт негізінде дәрігерлердің және орта медициналық қызметкерлерінің тәжірибе алуына арналған оқу базасы бола алады;

3.2.38. Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде іс-әрекеті заңнамамен реттелетін шарттарды (келісім шарттарды) жасасуға және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен тыйым салынбаған кез келген шаруашылық іс-әрекетті жүргізуі.

3.2.39. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі

өкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3.2.40. Мемлекеттік қызметтерді көрсету.

4. Кәсіпорынды басқару

4.1. Жергілікті атқарушы орган:

4.1.1. Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

4.1.2. Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

4.1.3. коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

4.1.4. Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4.1.5. Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4.2. Тиісті саланың уәкілетті органы:

4.2.1. Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландыратын жұмыстарының (қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

4.2.2. Кәсіпорынның даму жоспарын келіседі, қарастырады және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды;

4.2.3. Кәсіпорын даму жоспарының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

4.2.4. Кәсіпорын мүлкін сақтауға және пайдалануға бақылауды жүзеге асырады;

4.2.5. Кәсіпорын мүлкінің есепті ұйымдастырып, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

4.2.6. осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4.3. Кәсіпорынның басшысы оның органы, сондай-ақ бақылау кеңесі болып табылады.

4.4. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

4.5. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімделеді.

Еңбек шартында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген шарттардан басқа бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

4.6. Кәсіпорын басшысы қаржылық-шаруашылық қызмет үшін және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

4.7. Кәсіпорын басшысы кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды ұйымдастыру үшін дербес жауапты болады.

4.8. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

4.8.1. Басшы:

4.8.2. Кәсіпорын атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

4.8.3. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде кәсіпорын мүлкіне билік етеді;

4.8.4. шарттар жасасады және басқа мәмілелерді жасайды;

4.8.5. сенімхаттарды береді;

4.8.6. банктік шоттарды ашады;

4.8.7. Кәсіпорын барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулық береді;

4.8.8. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

4.8.9. Белгіленген еңбек ақы төлеу қоры шегінде еңбекке ақы төлеу нысанын, шарттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерін, Кәсіпорын қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары және бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

4.8.10. өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілеті органына кандидатуралар ұсынады;

4.8.11. өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

4.8.12. тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорын өкілдіктері мен филиалдарының директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4.8.13. Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді (баспан жазғанда);

4.8.14. Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де функцияларды жүзеге асырады;

4.8.15. мемлекеттік қызметтер сапасын бақылау.

5. Байқау Кеңесімен шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынды басқару ерекшеліктері

5.1. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

5.2. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

5.3. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

5.4. Байқау кеңесінің өкілеттіктері:

5.4.1. тиісті уәкілетті органға (жергілікті атқару органына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

5.4.2. даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

5.4.3. демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

5.4.4. бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқару органына) ұсыныстар енгізеді;

5.4.5. шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша тиісті саланың уәкілетті органның (жергілікті атқару органына) ұсыныстарын келіседі;

5.4.6. ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің тұрмыстық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

5.4.7. байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалғасының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

5.4.8. тиісті саланың уәкілетті органға (жергілікті атқару органына) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

5.4.9. кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

5.5. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге міндетті.

5.6. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

5.7. Байқау кеңесі туралы ережені, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін тиісті саланың уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) бекітеді.

5.8. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

5.9. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

5.10. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

5.11. Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешімдер қабылдаған кезде өзінің жеке мүддесін көздеуіне, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатында пайдалануына тыйым салынады.

6. Кәсіпорын мүлкі

6.1. Кәсіпорынның мүлкін Кәсіпорынның активтері құрайды, оның құны Кәсіпорынның теңгерімінде көрсетіледі.

6.2. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және де салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

6.3. Кәсіпорынның мүлкі:

1) өзіне меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоспағанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

6.4. Кәсіпорынды жүргізуде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

6.5. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы болмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

6.6. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

6.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдап, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

6.8. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

6.9. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 6.10., 6.11-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

6.10. Осы Жарғының 6.9-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

6.11. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мүлікті атқарушы орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

6.12. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін қолдануын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

6.13. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органнан жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

фирмалдар, өкілдіктер құруға;

үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

кәсіпкерлер беруге құқылы.

6.14. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6.15. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік несі өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 6.13 және 6.14-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

7.1. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін жергілікті атқарушы орган айқындайды.

7.2. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

7.3. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

7.4. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

7.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен алынатын, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып жеткізіледі. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

8.1. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 223 328 084 (бір миллиард екі жүз жиырма үш миллион үш жүз жиырма сегіз мың сексен төрт) теңге құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есебі мен есеп беру

9.1. Қаржы-шаруашылық қызметті және мемлекеттік бақылауды талдау үшін, Кәсіпорын өз қызметінің нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, заңнамамен белгіленген тәртіпте бухгалтерлік және статистикалық есептілікті жүргізеді.

9.2. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық бақылауын тиісті саланың өкілетті органы және басқа да мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

9.3. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы заңнамасының және өкілетті органның келісім бойынша басшымен бекітілген есептілік саясатына сәйкес бухгалтерлік есепке алудың бекітілген стандарттарының негізінде өз қызметінің нәтижелерін есепке алуды жүзеге асырады, өкілетті, қаржы, салық және статистика органдарына бухгалтерлік және статистикалық есептілікті белгіленген мерзімдерде ұсынады және оның дұрыстығына жауап береді.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

10.1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікке жауап береді.

Шаруашылық құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынастар

11.1. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

11.2. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

12.1. Еңбекақы төлеу қорының көлемі тиісті саланың өкілетті органымен белгіленеді.

12.2. Штат кестесі, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесі белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

12.3. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің жұмысшылық жалақы өлшемдері және басқа да сыйақы жүйесін тиісті саланың өкілетті органы белгілейді.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

13.1. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған басқа да негіздері бойынша таратылуы мүмкін.

13.2. Кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылатын кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік бойынша жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

Осы кәсіпорынның мүлкін өткізуден алынған қаражатты қоса алғанда таратылатын кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне енгізіледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізудің тәртібі

14.1. Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жергілікті атқарушы органның шешімімен енгізіледі.

Бас дәрігер:

Алиев Р.К.

Т.А.Ә.



Қолтаңбасы



Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 30 ноября 2018 года
№ А-11/519

УСТАВ государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница №2» при управлении здравоохранения Акмолинской области

1. Общие положения

1.1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница №2» при управлении здравоохранения Акмолинской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

1.2. Предприятие создано в соответствии с постановлением акимата Акмолинской области.

1.3. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области.

1.4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет местный исполнительный орган области (далее - местный исполнительный орган).

1.5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является управление здравоохранения Акмолинской области (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

1.6. Наименование Предприятия: государственное коммунальное предприятия на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница №2» при управлении здравоохранения Акмолинской области.

1.7. Юридический адрес Предприятия: индекс 021800, Республика Казахстан, Акмолинская область, Целиноградский район, село Акмол, микрорайон 3, строение 1А.

1.8. Фактический адрес (производственная база) Предприятия: индекс 010000, Республика Казахстан, город Астана, улица Манаса, 22.

2. Юридический статус Предприятия

2.1. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

2.2. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия, штампы, бланки на государственном и русском языках и другие реквизиты.

2.3. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

2.4. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

